



«БЕКІТЕМІН»

«Зерделі» ақыл-ой дамыту

«Зерделі» ЖШС бас директоры

Мәуіт Ы.М.

2023 жыл.

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АЛТЫН ТҰҒЫР» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы Ереже

1.1. Математика пәні бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» олимпиадасын (бұдан әрі - Олимпиада) өткізу туралы Ережесі Олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу, қатысу және Олимпиаданың жеңімпаздарын анықтау тәртібін реттейді.

1.2. Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 Бұйрығын (ҚР Білім және ғылым министрінің 25.05.2021 № 232 өзгертілген) орындау мақсатында және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін әзірленді.

II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1 Олимпиаданың мақсаты:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылысын жетілдіру;
- мұғалімдердің шығармашылық әлеуеті мен педагогикалық шеберлігін дамыту, мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру.

2.2 Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, шығармашылықпен айналысатын мұғалімдерді анықтау, қолдау, ынталандыру;
- жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындық жолдарын үйретіп, бағыт беру;
- бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- республика көлеміндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибе алмасуына ықпал ету.

III. Олимпиаданы өткізу тәртібі мен қатысу шарттары

3.1. Олимпиада үш кезеңнен тұрады: аудандық, облыстық, республикалық.

3.2. Олимпиаданың өткізу тәртібін Ұйымдастырушылар бекітеді. Ұйымдастырушылар: «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі» ЖШС.

3.3. Олимпиада мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі.

3.4. Олимпиаданың әр кезеңінің тапсырмаларын «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастыру комитеті дайындайды.

3.5. Олимпиаданың аудандық кезеңі аудан (қала) орталықтарында өткізіледі.

3.6. «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі тарапынан Білім басқармаларына (кей өңірде облыстық «Дарын» орталықтарына) олимпиаданың өтуі туралы ақпараттық хат пен олимпиада Ережесі және аудандық кезеңге мұғалімдерді тіркеу формасы жолданады. Тіркеу формасын аудандық білім бөлімінің әдіскерлері толтырып 2023 жылдың 23 қазанына дейін облыстық жауапты мамандарға, ал облыстық жауапты мамандар 2023 жылдың 24 қазанында «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығына жібереді.

3.7. Аудандық кезеңге әр мектептен 2-5 аралығында мұғалім жіберіледі. **Нақты санын олимпиаданың өткізілу орнының сыйымдылығына байланысты аудандық білім бөлімі белгілейді (облыстық әдістемелік орталықпен (кей өңірде облыстық «Дарын» орталығы) және «Зерделі» орталығымен келісу арқылы).**

3.8. Облыстық кезеңге өткен мұғалімдерді тіркеу үшін олимпиада аяқталған соң ұйымдастырушылар тарапынан белгіленген форма жіберіледі.

3.9. Олимпиаданың облыстық кезеңі білім басқармаларымен бірлесіп облыс орталықтарында өткізіледі. Оған әр ауданнан 5-12 аралығында мұғалімдер қатыстырылады. **Нақты санын олимпиаданың өткізілу орнының сыйымдылығына байланысты білім басқармасының әдістемелік орталығы белгілейді («Зерделі» орталығымен келісу арқылы).** Облыстық кезеңді бірлесіп өткізуге «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің мамандары жіберіледі.

3.10. Олимпиаданың республикалық кезеңі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп Астана қаласында өткізіледі.

3.11. Олимпиаданың республикалық кезеңіне республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың өңірлік кезеңінен өткен 8 (сегіз) жеңімпаздан қатысады.

3.12. Республикалық кезеңнің жеңімпаздары келесі 3 жыл қатарынан аталған олимпиадаға қатыстырылмайды.

3.13. Республикалық кезеңді өткізу шығындарын «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі өтейді.

3.14. Олимпиада қатысушыларының шығындары (келіп-кету, тамақтану, тұратын жері т.б.) жергілікті атқарушы органдары немесе қатысушының өз тарапынан қарастырылуы тиіс.

3.15. Олимпиаданың әр кезеңі төмендегідей бөлімдерден тұрады:

I кезең – Аудандық кезең.

Бірінші бөлім - «Дұрыс жауапты таңдау». 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасы берілген. Әр сұрақтың 4 жауап нұсқасы бар. Әр тапсырмаға 5 ұпайдан беріледі, барлығы 50 ұпайды құрайды.

Екінші бөлім - «Бос орынды толтыру». Қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек. Бұл бөлімде 10 тапсырма, әр тапсырмаға 5 ұпайдан беріледі. Барлығы 50 ұпайды құрайды. Орындауға жалпы 90 минут беріледі. Бағалау көрсеткіші 100 ұпай.

II кезең – Облыстық кезең.

Бірінші бөлім - «Дұрыс жауапты таңдау». 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасы берілген. Әр сұрақтың 4 жауап нұсқасы бар. Әр тапсырмаға 4 ұпайдан беріледі, барлығы 40 ұпайды құрайды.

Екінші бөлім - «Бос орынды толтыру». Қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек. Бұл бөлімде 10 тапсырма, әр тапсырмаға 5 ұпайдан беріледі. Барлығы 50 ұпайды құрайды.

Үшінші бөлім - «Есептеу, дәлелдеу». Мұнда 1 есеп беріледі. Есептің шарты көрсетілген. Тапсырманың шешу барысы, жауабы толық жазылады. Дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі. Орындауға жалпы 90 минут беріледі. Бағалау көрсеткіші 100 ұпай.

III кезең – Республикалық кезең.

Бірінші бөлім - «Дұрыс жауапты таңдау». 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасы берілген. Әр сұрақтың 5 жауап нұсқасы бар. Әр тапсырмаға 4 ұпайдан беріледі, барлығы 40 ұпайды құрайды.

Екінші бөлім - «Бос орынды толтыру». Қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек. Бұл бөлімде 10 тапсырма, әр тапсырмаға 4 ұпайдан беріледі. Барлығы 40 ұпайды құрайды.

Үшінші бөлім - «Есептеу, дәлелдеу». Мұнда 2 есеп беріледі. Есептің шарты көрсетілген. Тапсырманың шешу барысы, жауабы толық жазылады. Әр тапсырманың дұрыс жауабына 10 ұпайдан, барлығы 20 ұпай беріледі. Орындауға жалпы **100 минут** беріледі, бағалау көрсеткіші 100 ұпай.

Олимпиада тапсырмалары бастауыш сынып бағдарламаларын негізге ала отырып құрастырылған авторлық есептер, басым бөлігі логикалық есептерден тұрады.

IV. Марапаттау

4.1. Олимпиаданың аудандық кезеңінің жеңімпаздары «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, грамоталарымен марапатталады.

4.2. Олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпаздары облыстық білім басқармасы мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, грамоталарымен марапатталады.

4.3. Олимпиаданың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен, грамоталарымен марапатталады.

4.4. Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысушыларға «Дарын» РҒПО-ның сертификаттары беріледі.



4.5. Облыстық кезеңде **командалық есеп** бойынша аудандар I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

4.6. Республикалық кезеңде **командалық есеп** бойынша облыстар I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталып, өңірдегі әдістемелік орталыққа «Алтын сақа» кубогы тапсырылады.

V. Ұйымдастыру комитеті

5.1. Жергілікті жердегі ұйымдастырушылар олимпиадаға өтінімдерді қабылдап, қатысушылардың тізімін жасайды, өткізу мерзімі мен орнын анықтайды. Қазылар алқасының құрамын тағайындайды.

5.2. Олимпиада материалдарын дайындау «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебіне жүктеледі.

VI. Олимпиаданың қазылар алқасы

Қазылар алқасы:

6.1. олимпиаданың әр кезеңдерінің тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді және бағалау критерийларын құрастырады;

6.2. қазақ тіліндегі тапсырмалардың орыс тіліне дәлме-дәл аудармасына, берілген тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, міндеттердің нақтылығына және олардың олимпиаданың тиісті кезеңі талабына сәйкестігіне жауап береді;

6.3. тиісті кезеңдері өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығына жауап береді;

6.4. қазылар алқасының төрағасы тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдері бойынша ұсыныстарды қабылдап, тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді және олимпиаданың регламентін әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

6.5. жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды әр кезеңнің тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

6.6. қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

6.7. жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін ұйымдастыру комитетіне ұсынады;

6.8. олимпиадаға қатысушылармен тапсырмаларды талқылайды және үйлестіруді жүргізеді;

6.9. апелляцияға берілген өтінімдерді қарастырып, соңғы шешім шығарады;

6.10. қазылар алқасының құрамына республикалық, халықаралық олимпиада жеңімпаздарының жетекшілері, «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің тәжірибелі математика пәні мұғалімдері және Назарбаев Университетінің ғылыми жетекшілері, сонымен қатар «Алтын тұғыр» олимпиадасы республикалық кезеңінің соңғы үш жылғы жеңімпаздары кіру мүмкіндігі бар.

